

Ақтөбе облысы
Байганин ауданы
«Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық
казыналық кәсіпорны



Актюбинская область
Байганинский район
Детский сад «Ноғайты»
государственный коммунальный
казенной предприятия

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

030300 Ақтөбе облысы Байганин ауданы
С.Ноғайты Бейбітшілік көшесі 10
Факс 8(71347)24259

030300 Актюбинская область Байганинский район
С.Ноғайты улица Бейбитшилик 10
Факс 8(71347)24259

«15» қыркүйек 2022ж
Балабақшаны бағалау

№57

Ноғайты ауылы

өлшемшарттарын өткізу туралы

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы № 124 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байганин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы МКҚК 15.08. 2022 - 5.09 2022ж.ж аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында бағалау өлшемшарттары өткізілсін.
2. Балабақшаны бағалау өлшемшарттарын өткізуге байланысты кешенді-мақсатты жоспар әзірленсін.
3. Балабақшада бағалау өлшемшарттарын өткізу жөнінде төмендегі құрамда сараптау комиссиясы құрылсын.
4. Кузенбаева Гулмира Турдибаевна –балабақша меңгерушісі, комиссия төрағасы;
Тақтанова Гүлнұр Бақытқызы- әдіскер, комиссия мүшесі;
Төремұратова Элеонора Игорьқызы –тәрбиеші, комиссия мүшесі
Илмуханбетова Гулжанар Избасаровна –тәрбиеші ,комиссия мүшесі

4.Балабақшаны бағалау өлшемшарттарының қорытындысы 2022 жылдың 15 қыркүйекке дейін балабақша сайтына жариялансын .

5.Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін .

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші  Т.Т.Кузенбаева



Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ноғайты ауылы «Ноғайты» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мекемесінде мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру жағдайын өзін-өзі бағалауының қорытынды АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Кузенбаева Гулмира Турдыбаевна	Балабақша меңгерушісі
Тактанова Гүлнұр Бақытқызы	Балабақша әдіскері
Төремұратова Эленора Игорқызы	Балабақша тәрбиешісі
Илмуханбетова Гульжанар избасаровна	Тәрбиеші

«Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мекемесіне жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы, Байғанин аудандық білім бөлімі» білім басқармасының мемлекеттік мекемесінің «Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мекемесі.

БСН 0604400005977 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 11 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні жыл 24 ақпан
Заңды мекен-жайы: 030310, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Ноғайты ауылы Бибітшілік көшесі-10. Электрондық мекен-жайы: nogayty.balabakshasy@mail.ru, Телефон, 87784119342.87767691074
Балабақшада интернет желісімен қамтылған.

Балабақша меңгерушісі Кузенбаева Гулмира Турдыбаевна. Жоғарғы білімді №-54ЖҚ 2019жылдың 04 сәуір.

- Балабақшаның техникалық паспорты 2007 жылы 12 маусымда жасалған., қабат саны-1, құрылыс ауданы-621,7, ғимараттың ауқымы-2263, жалпы алаң-473,9 салынған жылы-1954 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).

- «Ноғайты» бөбекжай –балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 11.01.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);

- «Ноғайты» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК–ның басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».

- Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Ащы селолық округі әкімінің 2014жылғы 05ақпан№ 41 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 621,7 га) кадастрлық номері: **02-023-017-000**. (көшірме қосымша ұсынылады).

Мектептің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге

асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Балабақша Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия:

3 қазан 2002 жылғы № 0009340, мерзімі – шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2021-2022 оқу жылында «Ноғайты» бөбекжай - балабақшасында 2021-2022 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығымен (05.05.2020 ж. №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (12.05.2020 ж. №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық

құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың балабақшада оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

(Осы жерге 4К бағдарламасы бойынша қандай жұмыстар жүріп жатқандығы туралы қосымша жазылады.)

Илмуханбетова Гульжанар Избасаровна мен Төремұратова Эленора Игорқызы жаңартылған бағдарлама бойынша оқып келді.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-

дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсатымыз болып табылады.

Міндетіміз: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);

- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар көшірмелері берілді.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың

көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі);

Жыл басында балабақша бүлдіршіндері денсаулық саласы бойынша; жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. Жылдың ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, ертеңгілік жаттығулар жасап, ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, тәрбиешіге үйренісіп ашыла бастады. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласында; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бір-бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Балалардың даму үлгерімі бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- Балабақшада тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салары бойынша балабақша тәрбиеленушілері жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Балабақшада мерекелерге байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Атап айтатын болсақ, Жаңа жыл мерекесі, 8 наурыз-Аналар мерекесі, Наурыз мейрамы, Алтын күз, қарттар күніне. Тәуелсіздік күні. Тәрбиеленушілер әр мерекеге сай киініп, өз өнерлерін көрсетеді.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

Балабақшада 4 тәрбиеші, 1-әдіскер, 1- музыка жетекшісі, жұмыс жасайды:

№	Аты-жөні	Білімі	Бітірген оқу орны, жылы	Мамандығы	Қызметі
1	Кузенбаева Гулмира Турдыбаевна	жоғары	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты 2011 ж. 02.07. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті 2021ж. 07.06.	Бастауыш білімінің педагогикасы мен әдістемесі Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.	меңгеруші
2	Тақтанова Гүлнұр Бақытқызы	Арнаулы орта	Ақтөбе гуманитарлық-техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 2020 ж. 22. 06.	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру.	Әдіскер

3	Төремұратова Эленора Игорқызы	Арнаулы орта	Жоғары көпсалалы «Болашақ» колледжінің Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі. 15.06.2009ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 29.06.2020ж Бастауыш сынып мұғалімі	«Болашақ» тобының тәрбиешісі
4	Илмуханбетова Гульжанар Избасаровна	Жоғары	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты. 1912 ж. 07.04.	Педагогика және психология	«Толағай» тобының тәрбиешісі
5	Избасарова Арайлым Амантайқызы	Арнаулы орта	Ақтөбе С.Баешев атындағы Ақтөбе университетінің колледжі.2018ж.29.06.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	«Толағай» тобының тәрбиешісі
6	Қайрова Гүлдана Қайратқызы	Арнаулы орта	Ақтөбе С.Баешев атындағы Ақтөбе университетінің колледжі. 2017ж16.06.	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	«Болашақ» тобының тәрбиешісі
7	Жумаганбетова Зина Кадирбаевна	Арнаулы орта	Ақтөбе мәдениет училищесі, 1993ж 16.06.	«Мәдени – ағарту жұмысы»	Музыка жетекшісі

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2021-2022 оқу жылдарында «Ноғайты» бөбекжай - балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

Балабақша тәрбиеленушілерінен "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалған.

6) "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", «Шығармашылық»"Әлеумет" білім беру дағдылар негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің перспективті жоспарлары балабақша меңгерушісімен бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымның күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті циклограммада көрсетілген. Қабылдау уақыты 08.00-18.30, оқу қызметінің ұзақтығы «Болашақ» тобында 10-15 минут, (ата – аналармен байланыс), «Толағай» тобында 20-25 минут.

Балабақшада 2 топ: II кіші «Болашақ»тобы мен Ересек «Толағай» тобы жұмыс жасайды. II кіші «Болашақ» тобы, «Толағай» тобы күнделікті ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті циклограммада көрсетілген. «Ортаңғы топ» пен «Ересек топта» күнделікті ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті циклограммада көрсетілген. Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс- әрекеті негізінде жүргізілген.

«Болашақ» тобының арнайы ойын залы 31,90,ш\м құрайды. «Толағай» тобының ойын залы 43,20ш\м құрайды. "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім беру саласына негізделіп бұрыштар жасалған. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ету жағдайларына қарай түрлі ойыншықтар (мозайкалар, құрастырғыштар, т.б.) бар.

2021-2022ж бүлдіршіндердің жетістіктері: «Балдаурен» Республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған «Ата Заңым Айбыным» атты байқауға-10 бүлдіршін Диплом Халықаралық Пони байқаунаң 30 бүлдіршін Дипломмен марапатталды. Республикалық Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдығына арналған «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» қатысып 4 бүлдіршін Дипломмен марапатталды. «Өрлеу» республика бойыңша ұйымдастырылған «қыс қызығы байқауынаң 30 бала Дипломмен марапатталды.

7. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

2021-2022 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2020 жылғы 1 мамырдағы №195 бұйрығы басшылыққа алынды.

Жас топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің аптадағы жалпы көлемі келесі:

- 1) ерте жас тобы (1-2 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 7 сағат;
- 2) I кіші топ (2-3 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 9 сағат;
- 4) ортаңғы топ (3-5жастағы балалар) –ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат;
- 5) ересектер тобы (4-5жастағы балалар) –ұзақтығы 25-30 минуттан 17 сағат;

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі - қазақша. Басшылыққа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы 2021-2022ж оқу жылында алынды. 2021-2022 оқу жылында «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды.

8. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

«Ноғайты» бөбекжай -балабақшасында қазіргі таңда 50 бүлдіршін тәрбиеленуде 2 топ жұмыс жасайды.25-25 баладан 2021-2022оқу жылдарында II кіші «Болашақ» тобында 2-3 жастағы, ортаңғы «Толағай» 3 -4 жастағы балалар тәрбиеленді.

2 топқа бөлінді.

Биылғы 2021-2022оқу жылында балабақшада 2 топта да әртүрлі бойынша жинақталды.

«II кіші топ» пен «Ересек» топ.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Балабақшада түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Қазақстан республикасы Білім ғылым меністрінің 2020жылғы 19 маусымдағы №254

бұйрығы мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау

мемлекеттік көрсетілген стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі. Балабақшада балаларды

кабылдау интернет ресурстары арқылы жүзеге асырылады. Балалар қозғалыс журналы, келісім шарт тіркеу журналы талапқа сай. Жасына қарай қағидаты бойынша топтарға бөлінеді. Балабақшада ата-аналар барқылы қарым-қатынасы келісімшарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-аналардың төлем ақысы татақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне -350 теңге.

Ұсыныстар:

Топтық пәндік – дамытушы орта эстетикалық талғаммен толтырылсын.

Педагогтердің санаттық деңгейін көтеру жалғастырылсын.

Қортынды:

Балабақшаның басқару қызметі Өз деңгейінде деп есептелінсін.

Комиссия «Ноғайты» бөбекжай – балабақшасында өткен өзін-өзі зерделеуді негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылданды.

МКҚК «Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы» мәртебесіне сай деп есептелсін.


«Ноғайты» бөбекжай – балабақшасының комиссия мүшелері:

меңгеруші:

әдіскер:

тәрбиеші:

тәрбиеші:



Г.Т.Кузенбаева

Г.Б.Тақтанова

Э.И.Төремұратова

Г.И.Илмуханбетова

«Ноғайты» бөбекжай – балабақшасының
меңгерушісі Г.Т.Кузенбаева

